

Каламыздагы Арнайы кітапхана жұмыс жүргізу тактикасы, оқырмандарға ұсынатын қызмет сапасы бойынша «Рухани қазына - 23» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлеріне арналған фестивальдің «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана» номинациясының жеңімпазы атанды.

Ұлттық бірегейлікті, мәдени мұраны және рухани құндылықтарды сақтауға және дамытуға негізделген жұмыстары арқасында қазылар алқасы мен аудиторияның ыстық ықыласына бөленіп, жүзден жүйрік шапты.

Кітапхана “Инклюзивті кітапхана: қолжетімділік, даму, өзара әрекеттесу” жобасын ұсынып, онда қору қабілеті шектеулі адамдармен жұмыс тәжірибесі, серіктестер мен еріктілер, инновациялық әдістер мен технологиялар, мәдени және білім беру іс-шаралар, жетістіктер мен жоспарларымен бөліскен болатын.

Болашақта кітапханалық қызмет қорсетуде және ақпараттың қолжетімділігінде, қору қабілеті шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеу, инклюзия саласында одан да үлкен нәтижелер қорсетуді жоспарлап отыр.

Арнайы кітапхана - бұл рухани қазына ордасы! Каламыздың, еліміздің және халқымыздың рухани байлығы деп санаймыз!



